

Құқық қорғау органдарының қызметкерлерін және олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін, зейнеткерлерін, сондай-ақ қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан қызметкерлердің балаларын олар кәмелеттік жасқа толғанға дейін тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық және санаторий-курорттық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 ақпандағы № 78 қаулысы.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 25.09.2019 № 704 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.10.2022 № 850 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне және олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне, зейнеткерлеріне, сондай-ақ қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан қызметкерлердің балаларына олар кәмелеттік жасқа толғанға дейін тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық және санаторий-курорттық қызмет көрсету қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 18 ақпандағы
№ қаулысымен
бекітілген

Құқық қорғау органдарының қызметкерлерін және олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін, зейнеткерлерін, сондай-ақ қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан қызметкерлердің балаларын олар кәмелеттік жасқа толғанға дейін тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық және санаторий-курорттық қамтамасыз ету қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 25.09.2019 № 704 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы құқық қорғау органдарының қызметкерлерін және олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін, зейнеткерлерін, сондай-ақ қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан қызметкерлердің балаларын олар кәмелеттік жасқа толғанға дейін тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық және санаторий-курорттық қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және контингентті медициналық және санаторий-курорттық қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

Контингентке құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының және мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері (бұдан әрі – қызметкерлер), олармен бірге тұратын отбасы мүшелері, сондай-ақ аталған органдардың қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан қызметкерлерінің кәмелет жасына толмаған балалары және зейнеткерлер жатады.

Зейнеткерлерге құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының (арнайы атақтар берілген) және мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің зейнеткерлері (бұдан әрі – зейнеткерлер) жатады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2025 № 718 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Тізбесін Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы бекітетін қызметкерлердің жекелеген санаттарына медициналық көмек Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының медициналық ұйымдарында:

1) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде;

2) "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы айқындайтын түрлер бойынша және көлемдерде бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.10.2022 № 850 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Қағидаларда қызметкерлердің отбасы мүшелері деп жұбайы (зайыбы), ортақ немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің кәмелетке толмаған балалары (асырап алынған, асырауындағы немесе қорғаншылығындағы); білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алып жатқан жиырма үш жасқа толмаған балалар (асырап

алынған, асырауындағы немесе қорғаншылығындағы) және жұбайының (зайыбының) балалары; мүгедектігі бар балалар (асырап алынған, асырауындағы немесе қамқорлығындағы) және жұбайының (зайыбының) он сегіз жасқа дейін мүгедектік белгіленген мүгедектігі бар балалары; қызметкердің асырауындағы ата-анасы және жұбайының (зайыбының) ата-анасы түсініледі.

Қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан қызметкердің балалары кәмелетке толғанға дейін олардың ішкі істер органдарының медициналық ұйымдарында медициналық және санаторий-курорттық қамтамасыз етілу құқығы сақталады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.10.2022 № 850 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Қызметкерлерді медициналық қамтамасыз ету ішкі істер органдарының медициналық ұйымдарында бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Қызмет өткеретін жерде немесе тұратын жерінде ішкі істер органдарының медициналық ұйымдары немесе оларда тиісті бөлімшелер, мамандар не арнаулы жабдық болмаған кезде медициналық көрсетілімдер бойынша қызметкерлерге медициналық көмекті денсаулық сақтау субъектілері:

1) Кодекске сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде;

2) Заңға сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетеді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2025 № 718 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде қызметкерлерге медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуді әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жүзеге асырады.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде қызметкерлерге медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуге әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының шығындарын өтеу денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға көзделген бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.09.2025 № 718 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Қызметкерлердің өздерімен бірге тұратын отбасы мүшелеріне, сондай-ақ зейнеткерлерге медициналық көмек ішкі істер органдарының медициналық ұйымдарында көрсетіледі.

Қызметкерлердің отбасы мүшелеріне және зейнеткерлерге медициналық көмек көрсету бойынша ішкі істер органдарының медициналық ұйымдарының көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуді әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры:

1) Кодекске сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде;

2) Заңға сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде жүзеге асырады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2025 № 718 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Кодекстің 135-1-бабына және Заңның 6-бабына сәйкес ішкі істер органдарының медициналық ұйымдары ұсынбайтын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек алу үшін контингент алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін ұйымды еркін таңдау құқығын ескере отырып, тұрақты немесе уақытша тұратын жері бойынша денсаулық сақтау субъектілеріне тіркеледі.

2-тарау. Медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру

8. Ішкі істер органдарының медициналық ұйымдары медициналық көмектің мынадай:

1) амбулаториялық-емханалық көмек: алғашқы медициналық-санитариялық көмек және консультациялық-диагностикалық көмек;

2) стационарлық көмек;

3) стационарды алмастыратын көмек түрлерін көрсетеді.

9. Ішкі істер органдары медициналық ұйымдарының стационарларында дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен қазақстандық ұлттық дәрілік формулярға сәйкес тегін көрсетіледі.

10. Ішкі істер органдарының медициналық ұйымдарында контингентке медициналық көмек денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға сәйкес көрсетіледі.

11. Контингент арасындағы пациентті денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның қарамағындағы медициналық ұйымдарға стационарлық емдеуге ауыстыру Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

12. Контингентті шетелге емдеуге жіберу Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

13. Астана, Алматы қалаларынан тыс жерлерде тұратын контингентті стационарлық ем алуға Астана және Алматы қалаларында орналасқан ішкі істер органдары медициналық ұйымдарына емдеуге жатқызу ішкі істер органдарының медициналық ұйымдары мамандарының жолдамасы бойынша жүзеге асырылады.

Контингентті Астана және Алматы қалаларында орналасқан ішкі істер органдарының медициналық ұйымдарына жіберу тәртібін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі белгілейді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2025 № 718 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Медициналық көмек алу үшін контингентті ресімдеуді ішкі істер органдарының медициналық ұйымдары құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының және мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің кадр қызметтері ұсынатын контингент тізімдерінің негізінде жүргізеді.

Медициналық қамтамасыз етуге ресімдеу жеке басын куәландыратын құжат (қызметкер үшін – жеке куәлігі және қызметкердің қызметтік куәлігі; қызметкердің отбасы мүшелері үшін – жеке куәлігі; қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан қызметкердің балалары үшін – туу туралы куәлігі немесе жеке куәлігі; зейнеткерлері үшін – жеке куәлігі және зейнеткерлік куәлігі) негізінде медициналық ұйымның жұмыс кестесіне сәйкес кез келген күнтізбелік уақытта жүзеге асырылады.

Контингент арасынан әр адамға денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысанға сәйкес амбулаторлық пациенттің медициналық картасы ресімделеді, ол ішкі істер органдарының медициналық ұйымдары емханаларының тіркеу бөлімінде сақталады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2025 № 718 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-тарау. Санаторий-курорттық қамтамасыз ету

15. Контингентті санаторий-курорттық емдеу санаторий-курорттық ұйымдарда Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

16. Қызметтік міндеттерін атқару кезінде мертіккен (жараланған, жарақаттанған, контузия алған) қызметкерлер қалпына келтіру кезеңінде бюджет қаражаты есебінен ішкі істер органдарының санаторий-іріктеу комиссияларының шешімі бойынша санаторий-курорттық емдеуге жіберіледі.

17. Санаторий-курорттық емдеуге жіберу кезінде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша медициналық құжаттама ресімделеді.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 18 ақпандағы
№ 78 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне және олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне, сондай-ақ ішкі істер органдарының зейнеткерлеріне медициналық және санаторлық-курорттық қызмет көрсету тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 қаңтардағы № 53 қаулысы.

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 қаңтардағы № 53 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 шілдедегі № 724 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 29, 370-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 қаңтардағы № 53 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қаңтардағы № 85 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 8, 32-құжат).